

# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ХАТТАМА

27.12.2022 ж. №3

Шымкент қ.

**Іс-шара түрі:** Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

**Төраға** - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Кудышева Айнаш Амангельдыевна

**Хатшы** Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. А.Е. Айтбаева

**Қатысқандар:** қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде бес негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №3 Академиялық кеңес мәжілісінің

## КҮН ТӘРТІБІ

### **1. Докторантура және магистратура білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сапасын арттыру**

Спикер: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Жылысбаева Аққоңыр Нұрділләқызы

### **2. 2022- жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуы және ББ-на сұранысты талдау.**

Спикер: Маркетинг және мансап департаментінің директоры Битұрсын Ғалымжан Шәмшідінұлы

### **3. Кафедра филиалдарындағы оқытудың клиникалық моделін іске асыру туралы**

Спикер: Кәсіптік практика бөлімінің басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы

### **4. Әр түрлі мәселелер**

#### **4.1. Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы**

Спикер: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Айтбаева Айгуль Ергеновна

### **1. Докторантура және магистратура білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сапасын арттыру**

#### **1. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Жылысбаева Аққоңыр Нұрділләқызы:** Қазіргі таңда Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтында 12 докторантура, 21 магистратура бойынша білім беру бағдарламалары бойынша кадр даярлайды.

2021-2022 оқу жылында 8D01703- Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау білім беру бағдарламаларын дайындау ЕСУВО жүйесінде тізілімге қосылды. 2022-2023 оқу жылында 8D01703- Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау білім беру бағдарламасына 1 докторант оқуға қабылданды.

2022-2023 оқу жылында 8 докторантура және 15 магистратура білім беру бағдарламалары Е СУВО жүйесіне жаңартылып салынды.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сапасын арттыру жолдары:

- Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу
- Алыс және жақын шетелдің ЖОО-мен халықаралық байланыстар орнату
- Академиялық ұтқырлықты дамыту
- ПОҚ-ты біліктілігін арттыру курстарынан және тағылымдамадан өткізу
- Қос дипломды білім беруді жүзеге асыру

Аталған іс-шараларға сәйкес қазіргі уақытта САФУ-мен бірге бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламалары аясында 7M01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау білім беру бағдарламасының 2 магистранты білім алуда.

Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламалары аясында Түркия Республикасы, Анкара университетімен келіссөздер жүргізілуде.

Магистратура және докторантура бағытындағы білім беру бағдарламаларының саралау барысында, оқытылатын пәндерде оқыту әдістемесі және педагогикалық зерттеулер бойынша пәндер аз немесе мүлдем жоқ екені анықталды. Сондықтан 2023-2024 оқу жылында барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту әдістемесі және педагогикалық зерттеулер бойынша пәндер енгізілуі керек.

### **1.ШЕШІМ:**

1. 2023-2024 оқу жылында барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту әдістемесі және педагогикалық зерттеулер бойынша пәндер енгізілсін

**2.2022-жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуы және ББ-на сұранысты талдау.**

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

**Маркетинг және мансап департаментінің директоры Битұрсын Ғалымжан Шәмшідіңұлы:** ОҚМПУ-нің 2021-2022 оқу жылында 33 білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер жайлы мәлімет

| № | Оқу түрі                       | Бітірушілер саны         | Мемлекеттік тапсырыс бойынша | Ауыл квотасы          | Келісім шарт            |
|---|--------------------------------|--------------------------|------------------------------|-----------------------|-------------------------|
| 1 | Күндізгі бөлім                 | <b>1180</b>              | 529                          | 144                   | 507                     |
| 2 | Күндізгі қысқартылған          | <b>10</b>                | 8                            | 1                     | 1                       |
| 3 | Кешкі бөлім                    | <b>38</b>                |                              |                       | 38                      |
| 4 | Қашықтықтан оқыту              | <b>198</b>               |                              |                       | 198                     |
|   | <b>Жалпы</b>                   | <b>1426/1177<br/>249</b> | <b>537/522<br/>-11</b>       | <b>145/136<br/>-9</b> | <b>744/519<br/>-225</b> |
|   | <b>%-дық көрсеткіш бойынша</b> | <b>82,5%</b>             | <b>97,2%</b>                 | <b>93,7%</b>          | <b>69,7%</b>            |

**Сұранысқа ие білім беру бағдарламалары:**

**1. Атырау қаласы білім беру ұйымдары:**

Мектепке дэінгі тэрбие және оқыту

Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі

Орыс тілі мен әдебиеті

Қазақ сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті

Математика

Тарих

**2. «Ақтөбе облысының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі:**

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімі

Орыс тілі мен әдебиеті (орыс-қазақ класс)

Математика-физика мұғалімі (орыс сыныптарға)

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

**3. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

Орыс тілі мен әдебиеті

Математика

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

**4. Қызылорда қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

Логопед

Математика пәнінің мұғалімі

Орыс тілі пәнінің мұғалімі

Еңбек пәнінің мұғалімі

**5. «Шымкент қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы»**

Ағылшын тілі мұғалімі

Орыс тілі мұғалімі

Бастауыш оқыту әдістемесі

Химия пәнінің мұғалімі

Тарих пәнінің мұғалімі

Физика пәнінің мұғалімі

География пәнінің мұғалімі

**Облыс, қала бойынша ваканттық орындар туралы мәлімет**

|    | <b>Облыс, қала</b>                             | <b>ваканттық орындар</b>   | <b>ваканттық орындар саны</b> |
|----|--|--|-------------------------------|
| 1  | Ақмола облысы бойынша педагогикалық ББ сұраныс | 315 мекемеден  | 315                           |
| 2  | Алматы қаласы бойынша                          | 124 мекеме   | 240                           |
| 3  | Ақтөбе қаласы бойынша                          | Бастауышта оқыту әдістемесі, мектепке дейінгі, математика-физика, орыс тілі мен орыс әдебиеті ББ сұраныс |                               |
| 4  | Қызылорда қаласы бойынша                       | 5 ББ бойынша   | 6                             |
| 5  | Павлодар қаласы бойынша                        | 4 ББ бойынша   | 131                           |
| 6  | Шымкент қаласы бойынша                         | 507  | 777                           |
| 7  | Атырау облысы                                  | 6 ББ бойынша орыс тілінде  | 310                           |
| 8  | Өскемен қаласы                                 | 15 мекемеден<br>33 педагогикалық бағыттағы ББ бойынша  | 1263                          |
| 9  | Көкшетау қаласы                                | 25 мекемеден   | 78                            |
| 10 | Орал қаласы                                    | 20 мекемеден   | 24                            |
| 11 | Солтүстік Қазақстан облысы                     | 135 мекеме   | 294                           |

|                |                  |               |             |
|----------------|------------------|---------------|-------------|
| 12             | Түркістан облысы | 21 ББ бойынша | 135         |
| <b>Барлығы</b> |                  | <b>1141</b>   | <b>3573</b> |

## 2. ШЕШІМ:

1. Мәлімет есепке алынсын. Мемлекеттік тапсырыс және Ауыл квотасы бойынша түскен түлектермен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін!

## 3. Кафедра филиалдарындағы оқытудың клиникалық моделін іске асыру туралы 3. ТЫҢДАЛДЫ:

**Кәсіптік практика бөлімінің басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы:**

Дуальды оқыту бойынша 15 кафедраның 21 білім беру бағдарламасы қамтылған 12 мектеп және 2 орталықпен 17 ынтымақтастық келісім шарттары тіркелді (Кесте 1):

1. №80 ІТ мектеп-лицей
2. Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі
3. Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі
4. «Өркен» тіл дамыту орталығы
5. Оңалту орталығы
6. Ө.Жәнібеков атындағы №19 мектебі
7. З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі
8. Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы
9. Н.Төрекулов атындағы №62 мектебі
10. №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты
11. А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы
12. Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы
13. №75 мектеп-гимназиясы
14. Ө.Жолдасбеков атындағы №9 мектеп-лицейі

## 2022-2023 оқу жылы 1-семестр бойынша дуалды оқыту туралы ақпарат

| № | Кафедра атауы           | ББ атауы  | Пән атауы                     | Пән оқытушысы   | Курс | Дуальды оқыту мекемесі                  |
|---|-------------------------|---|-------------------------------|-----------------|------|---|
| 1 | Математика              | 6В01501-<br>Математика<br>мұғалімін<br>даярлау<br>6В01508-<br>Математика-<br>физика<br>мұғалімін<br>даярлау | Математиканы оқыту әдістемесі | Бакирова Н.К.   | 4    | №80 ІТ мектеп-лицейі                    |
| 2 | Физика                  | 6В01502-<br>Физика<br>мұғалімін<br>даярлау  | Физиканы оқыту әдістемесі     | Аширова С.Б.    | 3    | ХБГ НЗМ                                 |
| 3 | Биология                | 6В01505-<br>Биология<br>мұғалімін<br>даярлау  | Биология оқыту әдістемесі     | Аримкулов а Г.  | 3    | Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі |
| 4 | Мектепке дейінгі тәрбие | 6В01901-<br>Арнайы педагогика   | Олигофренопедагогика          | Амирханов а Г.Н | 4    | «Өркен» тіл дамыту орталығы             |

|   |  |  |  |  |                                 |                             |  |
|---|--|--|--|--|---------------------------------|-----------------------------|--|
|   | және арнайы педагогика                       | (логопед)  |  |  |                                 |                             |  |
|   |  | 6В01901-Арнайы педагогика (логопед)                | ПДТ балалармен жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық технологиялары | Амирханов а.Г.Н  | 4                               | «Өркен» тіл дамыту орталығы |  |
|   |  | 6В01901-Арнайы педагогика (логопед)                | Жеке тұлғалармен әлеуметтік оңалту бойынша түзету жұмыстары                | Масалиева Ж.А  | 4                               | Оңалту орталығы             |  |
| 5 | Әлем тарихы және дінтану                     | 6В01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау            | 6В01601-Тарих мұғалімін даярлау  | Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру және | Тастанова Р.С.                  | 3                           | Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта мектебі  |
|   |  | 6В01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау            |  | Мектепте оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері                             | Тастанова Р.С.                  | 3                           |  |
| 6 | Орыс тілі және әдебиеті                      | 6В01702-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау   |  | Бағалаудың өлшемдік технологиялары                                       | Мусиралиева А.А.                | 3                           | З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі |
| 7 | Музыкалық білім                              | 6В01403-Музыка мұғалімін даярлау                   |  | Музыканы оқытудың дербес әдістемесі                                      | Байғонова А.С. / Елжанова Г.А.  | 3                           | Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы  |
|   |  |  |  | Мектептегі оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдері                           | Балабекова А.А. / Елжанова Г.А. | 3                           |  |
| 8 | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | 6В01401-Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау |  | Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат                             | Қадырбаев Ж.А.                  | 3                           | Н.Төрекулов атындағы №62 жалпы орта мектебі  |

Дуальды оқыту бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) және дуальды оқытуды іске асыру графигі негізінде дуальды оқыту барысы қараша-желтоқсан айларында тексерілді. Тексеру нәтижелері төмендегідей (Кесте 2).

Дуальды оқытуды тексеру барысы

| Бақылау күні        | Пән атауы/<br>Оқытушы   | Курс | Студ. саны | Мекеме атауы                                 | Тексеріс нәтижесі  |
|---------------------|---|------|------------|--|--|
| 16.11.22ж.<br>11.00 | ПДТ балалармен жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық технологиялары/<br>Амирханова Г.Н | 4    | 11/10      | «Өркен» тіл дамыту орталығы                  | Студенттер жеке тапсырмалар орындап жатты.<br>Оқытушы емдеуші баламен жұмыс жасап жатты.<br>Студенттер күту бөлмесінде отырды. |
| 16.11.22ж.<br>11.40 | Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат /<br>Қадырбаев Ж.А.                              | 3    | -          | №62 Н.Төрекулов атындағы ЖОМ                 | Студенттер де, оқытушы да жоқ.   |
| 18.11.22ж.          | Олигофренопедагогика/<br>Амирханова Г.Н   | 4    | 11/9       | «Өркен» тіл дамыту орталығы                  | Студенттер жеке тапсырмалар орындап жатты.   |
| 18.11.22ж.<br>8.30  | Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру және /<br>Тастанова Р.С.  | 3    | 18/5       | Ө.Жәнібеков атындағы №19 ЖОМ                 | Студенттердің оқытушының жеке кабинетінде құжаттармен жұмыс жасауға мүмкіндігі жақсы.  |
| 21.11.22ж.<br>8.30  | Музыканы оқытудың дербес әдістемесі /<br>Байғонова А.С  | 3    | +          | №65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы  | Мектепте іс-шара болып жатқан.<br>Студенттер кітапханада отырды.   |
| 22.11.22ж.<br>12.10 | Биология оқыту әдістемесі /<br>Аримкулова Г.  | 3    | 4/4        | №7 Қ.Спатаев атындағы ІТ мектеп лицейі       | 2 студент сабақ өтті.  |
| 22.11.22ж.<br>13.35 | Физиканы оқыту әдістемесі/<br>Аширова С.Б.  | 3    | 10/8       | Химия-биоХББ НЗМ                             | Сабақты бақылауға мүмкіндік болмады.   |
| 01.12.22ж.<br>9.30  | Музыканы оқытудың дербес әдістемесі/<br>Елжанова Г.А.   | 3    | 14/7       | Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы  | 3 студент кешігіп келді<br>Студенттер 2 сынып сабағына қатысып, бақылау жасады   |
| 14.12.22ж.<br>9.30  | Бағалаудың өлшемдік технологиялары /<br>Мусиралиева А.А.                                      | 3    | 17/12      | З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі | Студенттер оқытушымен жұмыс жасап отыр   |

## II. Кафедра филиалдарындағы оқытудың клиникалық моделін іске асыру туралы

Оқытудың клиникалық моделі (үшбұрышы) университет және мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың жолы болып табылады. Клиникалық оқытуда педагогикалық жетекші, үйретуші мұғалім және мұғалім-студент арасында үшбұрышты ынтымақтастық орнайды.

|                              |  |
|------------------------------|--|
| <b>Педагогикалық жетекші</b> | университет ОПК болып табылады;<br>мектептің ұйымдастыру ортасының серіктестері;<br><b>білім беретін және үйрететін тұлға;</b><br>студенттердің мінез-құлқына/ тәртібіне жауапты;<br>жаңа оқыту ортасын құрушы;<br>Студенттерді<br>оқу кезінде сүйемелдейді;<br>теориялық білімді мектепте қолдануға үйретеді;<br>кәсіпті түсінуге көмектеседі;<br>рефлексивті өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытады. |
| <b>Үйретуші мұғалімдер</b>   | мектеп мұғалімдері – практиктер;<br>тәжірибелі сарапшылар;<br><b>кәсіби және әлеуметтік қолдау жасайтын тәлімгер;</b><br>оқыту үдерісіне қатысады;<br>студенттерді оқуға бағыттайды, кәсіби дамуына көмектеседі.   |
| <b>Мұғалім студенттер</b>    | топпен қатысады;<br>сабақ жүргізеді;<br>мектептегі іс-шараларға қатысады;<br>бірлесіп жұмыс істейді;<br>жұмысты бөліседі.<br><b>Мектеп ұжымы студенттерді</b> мектептегі оқытудың кең ауқымына баулиды<br><b>Студент-зерттеуші ретінде</b> проблемалық бағытты практикада қолдануға дағдыланады, атап айтқанда Action Research   |

Қазіргі таңда клиникалық оқытуды жүзеге асыруда кафедра филиалдарының жұмысын жандандырудың маңызы зор.

2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде төмендегі берілген кафедралар филиал ұйымдастыру туралы келісім шарт жасады:

### 2022-2023 оқу жылында құрылған кафедра филиалдары

| № | Кафедра атауы                                | Мекеме атауы   | Тіркелу күні |
|---|--|--|--------------|
| 1 | Әлем тарихы және дінтану                     | Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектеп | 17.10.22ж.   |
| 2 | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі                  | 19.10.22ж.   |

### Барлық кафедралар бойынша кафедра филиалдары туралы ақпарат

| № | Кафедра атауы | Кафедра филиалдары   |
|---|---------------|--|
|   | Математика    | Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі<br>№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты |

|  |  |
|--|--|
| Физика   | Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі   |
| Информатика                                    | №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты   |
| Химия  | Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейі   |
| Биология                                       | Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі   |
| География                                      | Мұхамедқұл Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі (Ордабасы ауданы)  |
| Бастауышта оқыту әдістемесі                    | А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы<br>З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі   |
| Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика | №69 «Еркебұлан» бөбекжай балабақшасы<br>Қосалқы мектеп интернаты   |
| Педагогика                                     | С.Ерубасев атындағы №24 мектеп-лицейі  |
| Психология                                     | Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы  |
| Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер          | Г.С.Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы   |
| Әлем тарихы және дінтану                       | Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектеп   |
| Қазақ тілі және әдебиеті                       | Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі<br>А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы (2022-2023)                                     |
| Орыс тілі және әдебиеті                        | А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы<br>З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі<br>Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі |
| Ағылшын тілі                                   | Н.Д.Ондасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы<br>Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта мектебі                            |
| Музыкалық білім                                | Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы  |
| Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері             | №75 көпсалалы мектеп-гимназиясы<br>Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы   |
| Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі         | жоқ  |
| Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру   | Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі  |
| Шетел тілдері                                  | Келісім шарт уақыты аяқталған  |

### Ұсыныстар:

1. Көктемгі семестрде жоспарланған дуальды оқыту пән кешендерін кафедра филиалдарындағы оқыту процесімен сәйкестендіру.

2. Клиникалық оқыту моделі негізінде кафедра филиалдарымен ынтымақтастықты жетілдіру үшін көктемгі семестрде жоспарланған дуальды оқытуды кафедра филиалдарында жүргізуді сәйкестендіру.

### 3.ШЕШІМ:

1. Көктемгі семестрде жоспарланған дуальды оқыту пән кешендерін кафедра филиалдарындағы оқыту процесімен сәйкестендірілсін.

2. Клиникалық оқыту моделі негізінде кафедра филиалдарымен ынтымақтастықты жетілдіру үшін көктемгі семестрде жоспарланған дуальды оқытуды кафедра филиалдарында жүргізуді сәйкестендіру.



## 4.Әр түрлі мәселелер

### 4.1 Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға студенттерді жетекшісімен жіберу туралы

#### СӨЗ АЛДЫ:

**Хатшы:** Орал қаласы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті базасында 6B01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 2023 жылы өтетін XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысу үшін екі студентті ұсынамыз, өйткені қатысатын команда 2 студент пен жетекшіден тұруы керек.

Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында 6B05102-Биология білім беру бағдарламасы бойынша 2023 жылы өтетін XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысу үшін үш студентті ұсынамыз, өйткені қатысатын команда 3 студент пен жетекшіден тұруы керек.

#### ШЕШІМ:

1. 6B01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша Орал қаласы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті базасында 2023 жылы өтетін XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысуға 1505-10А тобының студенті Айтбек Талшын мен 1505-20 тобының студенті Миралы Жанна жіберілсін. Жетекшісі болып биология кафедрасының доцент м.а., а.ш.ғ.к., Халикова Гулмира Сатыбалдиевна тағайындалсын.

2. 6B05102-Биология білім беру бағдарламасы бойынша Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында 2023 жылы өтетін XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысуға 6B05101-Биология білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс қазақ бөлімі 5101-19 тобының студенті Дихан Меруерт, 4 курс қазақ бөлімі 5101-19 тобының студенті Баянбай Салтанат, 3 курс қазақ бөлімі 5101-10 тобының студенті Бақадыр Аяжан жіберілсін. Жетекшісі болып «Биология» кафедрасы аға оқытушысы, магистр Есмаханова Жаркынай Шарабдиновна тағайындалсын.

### 4.1 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы.

**Төраға:** Оқытушы-профессорлардың оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті.

**СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.:** Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

**1. Насурлаева Г.О. Мәдениеттану** (Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына арналған) оқу әдістемелік құрал. 96 бет. Мәдениеттану пәнінің оқу жұмыс бағдарламасында қамтылған негізгі тақырыптарды білім алушылардың тиімді игеруіне көмек беретін бұл құрастырылған оқу-әдістемелік құрал түрлі бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тест тапсырмаларынан тұрады. Әсіресе, дүниені тәжірибелік және рухани игерудің жолдарына, қоғамдық өмірдің мәдени-әлеуметтік дамуының мүмкін болар стратегияларына талдау жасауда практикалық, методологиялық мәліметтер жан-жақты қамтылған. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал болашақ кадрлардың қазіргі күрделі, әрі динамикалық дүние жағдайындағы дұрыс дүниетанымдық бағдарларын қалыптастыруға көмекші құрал бола алады. Пікір жазғандар: Философия ғылымдарының кандидаты, доцент Жиенбекова А.А.; Философия ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Бегдаулетова Қ.Д.; Философия ғылымдарының кандидаты, доцент Тұрашбеков Ә.Қ.

**2. Н. Нұрпейісов** дайындаған Е. Ысмайылов және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихи мәселелері оқу әдістемелік құрал. 116 беттен тұрады. Пікір жазғандар: Оразбаев Қ., ф.ғ.к. доцент-М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; Тасболатова Б., ф.ғ.к. доцент- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; Омаров Т., ф.ғ.к -М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

**ШЕШІМ:**

1. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

**Төраға**

**А.А. Кудышева**

**Хатшы**

**Айтбаева А.Е.**